



CENTER FOR
ANALYTICAL
RESEARCH &
EVALUATION



Erasmus+

Jean Monnet Modules

**« ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫ МЕН ҰЛТТЫҚ
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ »**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференцияның
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-
практической конференции**

**«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ В ОБЕСПЕЧЕНИИ
ВЫСОКОГО КАЧЕСТВА ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ И
НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific
and practical conference**

**«STATE AUDIT IN ENSURING THE HIGH QUALITY OF
LIFE OF THE POPULATION AND NATIONAL
SECURITY»**

АСТАНА 2023

УДК 657(069)
ББК 65.052.21
С 23

С Сборник докладов международной научно- практической конференции «Государственный аудит в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности» = Collection of reports of the international scientific and practical conference «State audit in ensuring the high quality of life of the population and national security» = «Халықтың өмір сүру сапасы мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудит» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Астана: - 497 б.

ISBN 978-601-337-851-0

Жинаққа мемлекеттік аудит органдары қызметкерлерінің, ғылыми қызметкерлердің, ғалым-экономистердің, қаржы саласы және мемлекеттік аудит мамандарының, профессор-оқытушылар құрамының және білім алушылардың халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша баяндамалары кірді

The collection includes reports of employees of state audit bodies, researchers, economists, specialists in the financial sector and state audit, faculty and students on topical issues of state audit in ensuring a high quality of life of the population and national security

В сборник вошли доклады работников органов государственного аудита, научных работников, ученых-экономистов, специалистов финансовой сферы и государственного аудита, профессорско-преподавательского состава и обучающихся по актуальным вопросам государственного аудита в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности

ISBN 978-601-337-851-0

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023

7. Сайт Центра исследований, анализа и оценки эффективности. «Исследование общих и специальных критериев аудита эффективности по основным отраслям экономики» [Электронный ресурс] URL:<https://cifn.kz/ru/research/2019>

8. Финансирование сферы образования станет прозрачным с января 2021 года.<https://strategy2050.kz/ru/news/finansirovanie-sfery-obrazovaniya-stanet-prozrachnym-s-yanvary-a-2021-goda/>

ІШКІ БАҚЫЛАУ ҚЫЗМЕТІ (ІШКІ АУДИТ) ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ АНЫҚТАУ

*Бақытжанова Сымбат Бақытжанқызы
Сейткасымова Камила Армановна*

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті,
Астана қ., Қазақстан Республикасы,

E-mail: k-kuandykova@bk.ru

simonyaaaaa1@mail.ru

Аңдатпа. Нарықтық экономика қатынастарға өткендіктен біздің елімізде аудит қызметі қажеттілігі күшейді. Осы уақытта Қазақстанда аудит қызметін атқаратын 120 компаниялар саналады. Бірақ бұл қызметтердің саны да артып келеді, және бұл кейбір ұйымдар үшін міндетті болғандықтан ғана емес, сонымен қатар кейбір кәсіпорындар үшін аудит жүргізу шұғыл қажеттілік болып табылады.

Аудит – кәсіпорындардың, фирмалардың, ұйымдардың, мекемелердің, бірлестіктер мен акционерлік қоғамдардың қаржылық-шаруашылық қызметтеріне білікті талдау жасау қызметі.

Аудит тәуекелі – сол аудиттің бір көрінісі, тексеріс арасындағы ішінара жұмысының шарттарын өндіруді білдіреді. Үлкен тәуекел пайда болатын жерлерге айрықша көңіл бөлсек, тәуекелі аз жер тексерісіне бөлетін уақытты қысқартуға болады.

Аннотация. В связи с переходом рыночной экономики потребность в аудиторской деятельности в нашей стране возросла. В настоящее время в Казахстане аудиторскими услугами занимаются 120 компаний. Но количество этих услуг также растет, и не только потому, что это обязательно для некоторых организаций, но и потому, что для некоторых предприятий проведение аудита является неотложной необходимостью.

Аудит-деятельность по проведению квалифицированного анализа финансово-хозяйственной деятельности предприятий, фирм, организаций, учреждений, объединений и акционерных обществ.

Аудиторский риск-это одно из проявлений одного и того же аудита, подразумевающее создание условий частичной работы между проверками. Если мы уделим особое внимание местам, где возникает больший

риск, мы можем сократить время, которое мы выделяем на менее рискованные земельные проверки.

Annotation. Due to the transition of the market economy, the need for auditing activities in our country has increased. Currently, 120 companies are engaged in auditing services in Kazakhstan. But the number of these services is also growing, and not only because it is mandatory for some organizations, but also because for some enterprises, auditing is an urgent need.

Audit is the activity of conducting a qualified analysis of the financial and economic activities of enterprises, firms, organizations, institutions, associations and joint stock companies.

Audit risk is one of the manifestations of the same audit, implying the creation of conditions for partial work between audits. If we pay special attention to places where there is more risk, we can reduce the time we allocate to less risky land inspections.

Кілт сөздер: Аудит, ішкі аудит, шаруашылық субъектілер, кәсіпорын, бақылау, сыртқы аудит, аудиторлық жоспарлау, аудит объектілері, тәуекел, тәуекелге негізделген аудит.

Ключевые слова: Аудит, внутренний аудит, хозяйствующие субъекты, предприятие, контроль, внешний аудит, аудиторское планирование, объекты аудита, риск, аудит на основе риска.

Keywords: Audit, internal audit, business entities, enterprise, control, external audit, audit planning, audit objects, risk, risk-based audit.

Кіріспе. Ішкі аудит бұрын қалыптасқан ішкі бақылау жұмысының жүйесіне жатады. Оның ерекшелігі кәсіпорын шаруашылығына ішкі бақылау арқылы тәуелсіз қызмет көрсету. Ішкі аудиттің тәуелсіздігі сыртқы аудит тәуелсіздігі сияқты өте қажет жұмыс тәртібі. Сырттан қарағанда ішкі аудиттің тәуелсіздік сақтауы мүмкін емес сияқты. Соған қарамастан ішкі аудит өзінің жұмысы, ақпарат тапсыру барысында түгелдей дербестігін сақтайды.

Аудит қызметі қалыптасқан елдерде ішкі аудит, үлкен және орталау шаруашылық субъектілерінен құралады. Оның ұйымдастыру ерекшеліктері:

- 1) шаруашылық субъектілерінің басшылары, әкімшіліктері ішкі аудит қажет деп тапқан жағдайда өзіне, ішкі тобын құруға шешім қабылдап, аудиторлық куәлігі бар маман іздейді;
- 2) аудитор маманы мен кәсіпорын басшылары келісім – шарт жасасып:
 - а) аудитор тобының атқаратын қызметін нақты анықтайды;
 - б) жұмыс атқару тәртібі, жұмыс орны, аудитордың және тапсырушының міндеті нақты көрсетіледі;
 - в) аудитор тобының штаты анықталып, еңбек ақы төлем сомасы анықталады.

Бұл келісім-шарттың заңдылық құқысы бар, осы орайда ескеретін жағдай аудитор тобы келісім-шартта көрсетілген еңбек ақысы туралы тапсырушыға тәуелді емес. Яғни, қаржылану, төлем мәселесі аудит қызметіне ешқандай әсерін тигізбейді. Сондықтан да, ішкі аудит тобы өз қызметін жүргізуде, барлық өзіне

қажет мәлімет жинауда кәсіпорын басшыларынан ешқандай қысым немесе тергеушілік кездестірмейді. Тағы да ішкі аудит тобының тәуелсіздігі жоғарғы сатыдағы аудит фирмаларының бақылауы арқылы іске алады. Себебі, ішкі аудит тобы өз жұмысы туралы тікелей жоғарғы сатыдағы аудит құрылымына, директорлар қоғамының комитетіне ақпарат тапсырып отырады. Сондықтан да ішкі аудит тобына тапсырушылар немесе басқа әкімшілік құрылымы ешқандай қысымшылық немесе өздерінің тарапынан ешқандай талап, міндет қоя алмайды.

Ішкі аудиттің ең негізгі мақсаты – ол, кәсіпорын шаруашылығы туралы құралған мәліметтің дұрыстығына, шындығына бақылау жасау, сөйтіп басқару барысында қолданылатын мәліметтің шындығын, дұрыстығын қамтамасыз ету.

Талқылау: Ішкі аудиттің мақсаты кәсіпорынның экономикалық саясатының орындалуына бақылау жасау, қазіргі кезде біздің елімізде есеп саясатының орындалуына немесе өзгеріс болса оның себебін орынды немесе орынсыз екеніне аудиторлық анықтама жасау. Ішкі аудит тобы осы өзінің ізгі мақсатын іске асыру үшін жүйелі түрде бухгалтерлік есеп жұмысына, ішкі бақылау жұмысына үздіксіз тексеру жүргізіп отырады.

Ішкі аудит қызметі қалыптасқан елдерде аудит қызметі қаржы ақпаратын, информация құрылымын, бухгалтерлік есеп жұмысын ғана тексеріп қоймай басқалай да көптеген экономикалық қызметтер көрсетеді. Олар шаруашылық субъектілерінің кәсіпкершілік көрсеткіштеріне экономикалық талдау жасап оның экономикалық даму жолына болжам жасау, қаржы стратегиясын белгілеу, маркетинг зерттеуін жүргізу, басқару жұмысына түсініктеме беру, т.с.с. қызметтер. Яғни, ішкі аудит тобы тапсырушылар талабына сәйкес жан-жақты қызмет көрсетеді. Сонымен қатар ішкі аудитор тобы сол кәсіпорын құрылымының бір бөлімі болып саналады. Кәсіпорын шаруашылығында аудит тобы ішкі бақылаушы болып қана қоймай ол есеп саясатының орындалуын бақылап, баға беріп отыратын сарапшы ролін атқарады.

Ішкі аудит жалпы бақылау жоспарын жасайды, оның ішінде шаруашылық іс-әрекеттеріне оперативтік, жедел бақылау – тексеруді жетілдіру, әсіресе сату барысы, өндіріс шығыны, таза табысты болжау, өндіріске негізгі құралды енгізу, қаржыландыру мәселелерімен айналысады.

Аудитордың негізгі қызметі өндіріс бөлімдерін, сектордың жұмысын тексеріп, ондағы өндіріс шығынын, мөлшерден артық шығынын талдап немесе жетістіктерін қарастырып оның қорытындысын кәсіпорын басшыларына уақтылы хабарлап отыру. Негізінде аудиттің мақсаты мен міндеті, оның ұрылымы және ішкі аудит тобының құрамы тапсырушы кәсіпорынның талабына сәйкес анықталады. Ішкі аудит құрылымы келесі бірнеше топтан құралады:

- инвестицияның дұрыс және тиімді пайдалануы, кәсіпорын мүлкінің, материалының түгелдігін, еңбек және ақша, қаржы ресурсын дұрыс пайдалану, салық саясатын және салық сомасын дұрыс есептеуді бақылау тобы болып; арнайы қаржы ақпаратын бақылау, арнайы тексеруші және тексеру тобы болып бөлінеді. Аудит қызметі барысында бұл ішкі аудит

топтары, тапсырушының қойған міндетіне, талабына сәйкес жұмыс жасай береді.

Арнайы топтарға түсініктеме және онда қызмет мамандарға мінездеме берейік. Арнайы топтарға қызмет атқаратын мамандардың түрі:

- аудит стандартының мамандары.
- Ішкі аудит тобының қызметкерлерінің біліктілігіне жауапты адам.
- Мәлімет жиынтығына жауапкер.
- Бухгалтер, эксперт-сараптаушы.
- Заң маманы.

Ішкі аудит тобы шаруашылық субъектілерінің және филиалдарының қаржылық ақпаратын нақты, жүйелі тексеріп отырады. Олар, сол кәсіпорынның құрамында және еңбек ақысын сол жерден алып отырғандықтан өзінің қызметі мен кәсіпорын сенімін ақтауға міндетті.

Ішкі аудит қызметі үлкен фирмаларда, Халықаралық корпорацияларда қызмет көрсетуінің рөлі өте жоғары. Себебі, ондай ірі кәсіпорындарда тексеру құрылымы болады, ал олардың сол кәсіпорын бөлімдерінде тексеру бөлімдері болады.

Ішкі аудит өз қызметін талапқа сай орындап, оның рөлін көтеру үшін ол тек қана кәсіпорынның басшылық талабына сай қызмет жасауға міндетті.

Ішкі аудит жалпы үлкен көлемді қызмет атқарады. Оның ішінде кәсіпорын мүлкін тиімді пайдалануды тексеру, жұмысшылар күшін, еңбекақы төлемінің тиімділігін бақылау. Өндірістік кәсіпорындарда ішкі аудит жұмысы өндіріс шығынын және дайын өнімді сату процесін тексеру. Материалдық және еңбек шығынына экономикалық талдау жасап, оның тиімді орынды болғанын анықтап, тозу сомасын және басқару шығынын есептеуді, оның шығысқа шығарылу есебінің дұрыстығын тексереді. Бұл тексерулер шаруашылық субъектілерінің экономикасында ерекше орын алады, себебі, жоғарыда аталған шығындар өндіріс өнімінің өзіндік құнының негізін құрайтын элементтер. Олардың дұрыс есептелуін тексеру арқылы өндіріс өнімінің өзіндік құнының дұрыс анықталғанын оны сату бағасымен салыстыру арқылы таза пайда сомасының мөлшерін дұрыс анықтауға болады. Сондықтан да аудит туралы басылымдарда ішкі аудит – негізінде оперативтік ішкі бақылау, тексеру деп тегін айтылмаған.

Ішкі аудит қызметінде жабдықтаушылармен, сатып алушылармен есеп айырысу, банк операциялары, қаржы, салық, әлеметтік қамсыздандыру мекемелерімен, дебиторлармен, кредиторлармен есептесу процесі тексеріледі.

Ішкі аудиттің жаңа бір ағымы ол, кәсіпорында басқару жұмысының құндылығын, тиімділігін анықтау. Осы тұрғыдан, кәсіпорынның басқару жүйесі, қызметкерлердің міндетін бөлу, олардың жауапкершілігіне талдау жасап, басқару құрылымын жақсарту, жетілдіру мақсатымен өздерінің ұсынысын жасайды.

Сыртқы және ішкі аудиттің объектісі, тексеру әдістері бірдей болғанмен олардың мазмұны мен мақсат, міндеттерінде айырмашылық бар.

Элементтері	Ішкі аудит	Сыртқы аудит
-------------	------------	--------------

Аудит объектісі	Тапсырушы анықтайды. Нақты кәсіпорын активін тексеру, табыстылығын қамтамасыз ету мәлімет жүйесін дұрыс қолдану.	Сыртқы аудит статусы анықтайды. Қаржы есебін тексеру, оның көрсеткіштерінің дұрыс екенін анықтау. Дамыған елдердегі өндіріс барысының аудиті.
Біліктілік	Кәсіпорын басшыларының қалауы бойынша анықталады. Тәуелсіздік. Мамандарды бақылау.	Мемлекет тұрғысында өте қатал талап қойылады, оны біліктілік комиссиясы шешеді. Шексіз дербес – тәуелсіздік.
Әдістері	Ішкі және сыртқы аудит қызметінде әдістері бірдей. Ерекшеліктері аудит объектісі мен мақсатына сәйкес әртүрлі болады.	Аудит күрделілігіне сәйкес бөлінеді.
Мақсаты	Тапсырушылар басшысымен және жұмыс жоспарымен анықталады.	Заң талабына сәйкес аудит принциптерімен анықталады.
Ақпарат	Тапсырушыға, кәсіпорын басшыларына.	Тапсырушыға.

Кесте 1 -Ішкі және сыртқы аудиттің айырмашылықтары

Тәуекелге негізделген аудит - бұл тексеруді кәсіпорынның жұмысына, негізінен оның жұмысындағы "қиындықтарға" (сыни нүктелерге) сүйене отырып, іріктеп жүргізуге болатын аудиттің түрі. Тәуекелдер жоғары салаларда аудиторлық жұмысты шоғырландыру арқылы тәуекелі төмен аймақтарды тексеруге кететін уақытты қысқартуға болады .

Аудит жүргізу кезінде барлық маңызды бұзушылықтарды анықтау мүмкіндігі әрдайым бола бермейді. Бұл әртүрлі факторларға байланысты:

* объективті (тексерудің іріктілігі, зерттелетін процестердің күрделілігі, ақпараттың дұрыстығына әсер ететін әртүрлі факторлар);

* субъективті (аудиторлық персоналдың біліктілік деңгейі, аудиторлардың құзыреттілігі мен жұмыс өтілі) және т.б. аудиттегі тәуекелді аудитордың экологиялық субъектінің бухгалтерлік (қаржылық) есептілігінің дұрыстығы туралы дұрыс емес пікір қалыптастыру арқылы қателесу ықтималдығы ретінде анықтауға болады. Қате мынада болуы мүмкін

аудитор:

* немесе дұрыс емес есептілікті растайды;

* немесе сенімді есептілікті растамайды.

Осылайша, *аудиторлық тәуекел* - бұл дұрыс емес аудиторлық қорытындының пайда болу қаупі. Егер аудиторлық тәуекел үш пайызды (3%) құраса, бұл аудитор қол қойған жүз қорытындының үшеуінде Есептіліктің дұрыстығына қатысты қате тұжырымдар болуы мүмкін дегенді білдіреді . Демек, бұл жағдайда аудитордың пікіріне деген сенім деңгейі 97% құрайды.

Аудиторлық тәуекел үш құрамдас бөлікті қамтиды:

* тән тәуекел;

* бақылау құралдарының тәуекелі;

* анықталмау қаупі.

"Ажырамас тәуекел" термині ішкі бақылаудың қажетті құралдарының болмауына жол берген кезде елеулі болуы мүмкін (жеке немесе басқа бухгалтерлік есеп шоттарындағы немесе бір үлгідегі операциялар топтарындағы қаражат қалдықтарының АЖ - мен бірге) бұрмалануларға бухгалтерлік есеп шоттарындағы немесе бір үлгідегі операциялар тобындағы қаражат қалдығының сенімсіздігін білдіреді. Яғни, бұл экономикалық субъектінің бухгалтерлік есеп жүйесінің тиімсіздігіне байланысты тәуекел (ішкі тәуекел). Тәуекелдің осы түрінде ұйымның бухгалтерлік есебінде бұрмаланулардың (қателіктердің) пайда болу ықтималдығы аудиторға тәуелді емес.

Шаруашылық ішілік тәуекелді бағалау кезінде оның көрсеткіштеріне әсер ететін келесі факторларды ескеру қажет:

- * клиент – тексерілетін ұйымның орналасқан жері;
- * өткізілетін экономикалық субъектінің қаржы-шаруашылық қызметін жүргізу шарттары, әдістері, қағидаттары;
- * кәсіпорындағы бизнесті ұйымдастыру және ұйымдастыру;
- * өтімділік және қаржыландыру;
- * сирек, ерекше шаруашылық операциялардың болуы;
- * кірістер және жедел қызмет жоспарлары. "Бақылау құралдарының тәуекелі" термині бухгалтерлік есеп шоттары немесе бір типті операциялар тобы бойынша қаражат қалдығына қатысты орын алуы мүмкін бұрмаланудың және елеулі (жеке немесе басқа бухгалтерлік есеп шоттары немесе бір типті операциялар топтары бойынша қаражат қалдықтарының бұрмалануымен бірге) уақтылы алдын алмау немесе болдырмау қаупін білдіреді. бухгалтерлік есеп және ішкі бақылау жүйелерінің көмегімен анықталды және түзетілді. Яғни, бұл экономикалық субъектінің ішкі бақылау жүйесінің сенімділігіне байланысты тәуекел.

"Анықталмау тәуекелі" термині аудиторлық процедуралар жеке немесе басқа бухгалтерлік есеп шоттары немесе операциялар тобы бойынша қалдықтардың бұрмалануымен бірге маңызды болуы мүмкін Бухгалтерлік есеп шоттары немесе операциялар топтары бойынша қаражат қалдықтарының бұрмалануын анықтауға мүмкіндік бермейтін тәуекелді білдіреді. Яғни, бұл аудитордың тиімділігі мен сапасына байланысты тәуекел (кәсібилік, іріктеменің өкілдігі, аудиторлық процедуралардың жеткіліктілігі және т.б.).

Анықталмау қаупін азайту үшін аудитор:

- * қолданылатын аудиторлық рәсімдерді өзгерту (олардың санын көбейту және мәнін өзгерту);
- * тексеруге кететін уақыт мөлшерін көбейтіңіз;
- * аудиторлық іріктеу көлемін арттыру.

Анықталмау қаупін азайту үшін қолданылатын аудиторлық рәсімдердің ауқымын кеңейту, басқа типтегі аудиторлық рәсімдерді қолдану мүмкіндігін бағалау, аудиторлық үлгілердің көлемін арттыру, неғұрлым білікті аудиторларды тарту немесе тексеру ұзақтығын арттыру қажет.

Қорытынды. Қорыта келгенде, ішкі аудит кәсіпорын саласында басқарушылық жұмысын жүргізуге өте қажет қызмет. Аудит жұмысы арнайы анықталған «Ереже» талабына сәйкес жүргізіледі. Ішкі аудит ережесінде оның құрылымы, аудитордың қызметкерлік ережесі, аудит стандарты, нормативтік құжаттары, әдістемелік ереже-нұсқаулары анықталған. Ішкі аудит жұмысының тиянақты және жақсы жүргізілуі сол ішкі аудит жағдайының сапасына, онда қарастырылған талаптардың құндылығына, кәсіпорынның экономикалық саясатына байланысты болады. Ішкі аудит жағдайы өз кезегінде «контракт» келісім – шарты міндетін атқарады. Себебі, онда ішкі аудит тобының құқысы, міндеті бір жағынан, екінші жағынан кәсіпорын басшыларының құқы мен міндеті анықталған. Осы ішкі аудит жағдайында оның негізгі мақсаты, жұмыс көлемі, ішкі бақылаудағы және анықталған экономикалық қылмыстарға жауапкершілігі белгіленген.

Ішкі аудит ережесін дайындауға шаруашылық субъектілерінің жауапты қызметкерлері қатысуы қажет. Біріншіден, экономика және қаржы директоры, бас бухгалтер, тексеру комиссиясының бастығы. Әрине, бұл құжаттың жоғарғы сатыдағы құрылымда, акционерлер қоғамында немесе жалпы жиналыста бекітілгені жөн. Сонда ол ішкі аудит тобының тәуелсіздігі тексеру комиссиясының және директордың нақты келісім, билік жасап оның құқы мен өкілдігін анықтап бекітуімен кепілдік алады.

Ішкі аудиторлық тексерудің объектісі, қаржы ақпараты, өндіріс процесі және компьютер жүйесі. Себебі, шаруашылық субъектілерінің негізгі шығыны осы көрсетілген шаруашылыққа тиісті. Оның ішінде өндіріс барысының шығыны, әсіресе материал шығыны, өндіріс қызметкерлеріне еңбек ақы шығыны, табиғи және өндірістік қосалқы шығын, ішкі аудитті ұйымдастыру шығыны, т.б. шығындар кәсіпорын және олардың басшысы үшін арнайы тексеру немесе ішкі бақылау барысын ұйымдастыру ішкі аудит жағдайында жан-жақты қарастырылуы қажет. Жалпы ішкі аудит жан-жақты көптеген бақылау және тексеру қызметін атқаруға міндетті. Ішкі аудит тексеру жасаумен қатар барлық бухгалтерлік құжаттардың дұрыс жазылуын, әкімшілік тәртіптің орындалуын, қабылданған директивтік шешімнің және кәсіпорын бойынша шығарылған бұйрықтың орындалуын қадағалап тексеріп отыруға міндетті. Онымен қоса түгелдеу процесін жүргізу және оның нәтижесін шығарып басқарушылық мәліметін талдау арқылы жалпы шаруашылықтың даму жолын қарастырады.

Әдебиет:

1. Внутренний аудит [Электронное издание]: учебное пособие / А. В. Посохина; Пермский государственный национальный исследовательский университет. Электронные данные. <http://www.psu.ru/files/docs/science/books/uchebnieposobiya/posohina-vnutrennij-audit.pdf>
2. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы “Әділет” АҚЖ /Интернет-ресурс: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000392>

3. Интернет-ресурс: <https://be.kaznu.kz/index.php/math/article/view/873/841>

ЭКОЛОГИЧЕСКИЙ АУДИТ КАК ПЕРСПЕКТИВНОЕ НАПРАВЛЕНИЕ В ОБЛАСТИ ЗЕЛЕННОЙ ЭКОНОМИКИ

Бекболсынова А.С., Дюсенбаева К.Н.

Старший преподаватель ЕНУ имени Л.Н.Гумилева,
Студентка 2 курса специальности «Государственный аудит»
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана,
Республика Казахстан
E-mail: bekas.ast@mail.ru, karinadussenbaeva@gmail.com

Аннотация. В работе рассматриваются история возникновения, развития государственного экологического аудита, специфика его организации и этапы проведения на примере зарубежного опыта. Изучены методологические аспекты проведения экологического аудита и возможные пути его развития в Казахстане. При написании работы использовались следующие методы исследования: анализ, синтез, сравнение. Тема экологии всегда актуальна, учитывая развитие современных технологий и их влияние, которое пагубно отражается на окружающей среде. Рассмотрены использование, развитие и представление различных подходов к решению потенциальных и существующих экономических и экологических проблем

Ключевые слова: аудит, экологический аудит, организация, природные ресурсы, WGEA

Аннотация. Жұмыста мемлекеттік экологиялық аудиттің пайда болу, даму тарихы, оны ұйымдастырудың ерекшелігі және шетелдік тәжірибе мысалында кезеңдер қарастырылады. Экологиялық аудит жүргізудің әдіснамалық аспектілері және оны Қазақстанда дамытудың ықтимал жолдары зерделенді. Жұмысты жазу кезінде келесі зерттеу әдістері қолданылды: талдау, синтез, салыстыру. Қазіргі заманғы технологиялардың дамуын және олардың қоршаған ортаға зиянды әсерін ескере отырып, экология тақырыбы әрқашан өзекті болып табылады. Әлеуетті және қолданыстағы экономикалық және экологиялық мәселелерді шешудің әртүрлі тәсілдерін қолдану, дамыту және ұсыну қарастырылады

Түйінді сөздер: аудит, экологиялық аудит, ұйым, Табиғи ресурстар, WGEA

Abstract. The work examines the history of the emergence and development of the state environmental audit, the specifics of its organization and the stages of its implementation on the example of foreign experience. Methodological aspects of environmental audit and possible ways of its development in Kazakhstan have been studied. When writing the paper, the following research methods were used: analysis,